

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1325 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 397 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында ана мен бала өлім-жітімен азайту жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1325 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 50, 612-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ана мен бала өлім-жітімен азайту жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламада:

"Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген 5-бөлімде:

5.1-тармақтың жетінші абзацы алынып тасталсын;

"Ана мен бала өлім-жітімен азайту жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламаның іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К. Мәсімов*